

### **Шақырылғандар:**

1. Жылқышиева Жазира Жақсылыққызы – Нұр –Сұлтан қаласы бойынша Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің департаменті басшысының бірінші орынбасары;
2. Хайруллин Марат – Парасаттылық және алдын-алу департаментінің бас маманы;
3. Жолдасбекова Оразкуль Абсаметовна - Нұр –Сұлтан қаласы бойынша Білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментінің Білім беру қызметін лицензиялау бөлімінің басшысы.

### **Күн тәртібі:**

Нұр- Сұлтан қаласы бойынша мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуға және мүмкіндігі шектеулі ерекше білім беруді қажет ететін балаларға арналған орынға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру туралы жекеменшік мектепке дейінгі білім беру мекемелерінің *жаңа, қосымша* және мүмкіндігі шектеулі ерекше білім беруді қажет ететін балаларға арналған орындарға конкурсқа қатысу сұраныстарын қарау.

«Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 29 қаңтардағы № 122 бұйрығымен өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы «Еңбек нарығының қажеттіліктерін ескере отырып, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға, жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының дайындық бөлімдеріне, сондай-ақ мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуға, орта білім беруге мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру қағидаларын бекіту туралы» ҚР Білім және ғылым министрінің 31.10.2018 № 609 бұйрығына сәйкес (*әрі қарай - Қағида*) Нұр-Сұлтан қаласы Білім басқармасының сайтында конкурс талаптары орналастырылған.

1. **2019 жылдың 24 желтоқсаны мен 2020 жылдың 16 қаңтары** аралығында жаңа, мүмкіндігі шектеулі ерекше білім беруді қажет ететін орындарға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру бойынша жекеменшік мектепке дейінгі мекемелерден құжаттар келіп түсті.
2. **2020 жылдың 21 қаңтар күні** комиссия құрамы конкурсқа қатысу үшін жекеменшік мектепке дейінгі ұйымдардан ұсынылған өтінімдерге сәйкес құжаттар жиынтығын ашты.